

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА СОТ САРАПШЫЛАРЫН ДАЙЫНДАУ ТӘЖІРИБЕСІ ТУРАЛЫ



Қ. Қ. СЕЙТЕНОВ,  
ҚазГЗУ сот сараптамасы Институтының директоры,  
з. ф. д., профессор

Ғылыми мақалада сараптамалар мен зерттеулердің сапасын арттыру мақсатында сот сарапшыларын дайындау мен қайта даярлауды ұйымдастырудың тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар мен нұсқаулар баяндалады. Жоғары кәсіби білім беретін білім беру мекемелерінде «Сот сараптамасы» мамандығы бойынша сот сарапшыларын дайындау, оларды ҚР білім беру мекемелерінде базалық қайта даярлау және сот сараптамасы органдарының қызметкерлерін арнайы бағдарлама бойынша тағылымдамадан өткізу мәселелері қарастырылған.

*Түйінді сөздер: сот сараптамасы, сарапшы, тәжірибе, біліктілікті жетілдіру, дайындық, қайта даярлау, институт, сот-сараптамалық қызмет, біліктілік, курстар.*

**К**ылмыстық іс жүргізу саласында жүргізіліп жатқан реформалар қылмыстарды тергеуде және ашуда делелдемелерді қолдануға деген ереше көңіл бөлумен негізделеді. Барлығына белгілі жағдай, ол дәлелдемелердің ең тиімді түрлері арнайы ғылыми білімі бар тұлғаны сот сараптамалық қорытындысында көрсетілетін фактілі мәліметтер болып табылады.

Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының сот сараптама қызметінің жағдайына талдау жасай отырып, бұл салада соңғы жылдары жағымды өзгерістердің, әсіресе құқықтық реттеу саласында өзгерістердің алып жатқандығын айта кету керек.<sup>1</sup>

Қазіргі таңда, сот сараптамаларының ғылыми-әдістемелік және техникалық базасы, сот сараптамаларының жаңа түрлерін игеру мен өндіру үрдісі орын алуда. Соңғы он жылда сот-сараптама мекемелерімен сот сараптамаларының дәстүрлі және жаңа түрлерінің әдістемелері игерілді.<sup>2</sup>

Сот сараптама қызметінің құқықтық және әдістемелік негіздерін нығайтуға бағытталған шаралар оның ең негізгі мақсатын жүзеге асыруға белгілі бір алғышарттар туындатады – қылмыстық істер бойынша дәлелдеуге жататын жағдайларды анықтауда сот, анықтама органдарына, тергеушілерге, прокурорларға өз септігін тигізу.

Осыған сәйкес, жоғарыда аталған шаралардан тиімді нәтиже алу сот сараптама қызметінің тиісті кадрлармен қамтамасыз етуді мүмкін емес.

Сот сараптама қызметінің қазіргі таңдағы даму деңгейі сарапшылардан жоғары біліктілікті талап етеді.

Кәсіби сарапшыны дайындау – бұл, ұзақ және жауапты, «тұлғамен белгілі бір білімді, сараптама жүргізу барысында қолдану үшін біліктілікті игеру» процесі.<sup>3</sup>

Ресейде дәстүрлі криминалистік сараптамалар саласында жоғары білімі бар сарапшыларды дайындау Ресейдің ІІО жоғарғы оқу орындарының күндізгі бөлімінде жүзеге асырылады: Волгаград академиясы және Мәскеу университеті. Бұл жоғарғы оқу орындарында бесжылдық оқуды аяқтаған соң түлектер «350600-Сот сараптамасы» мамандығы бойынша диплом және сараптаманың жеті түрін жүзеге асыруға құқық беретін күәлік беріледі: трасологиялық, дактилоскопиялық, баллистикалық, суық қару, портреттік, қолжазбалық және құжаттардың технико-криминалистік сараптамасы.

Тәжірибеге талдау жасайтын болсақ, бұл түлектер криминалистиканың, қылмыстық құқықтың қылмыстық іс-жүргізу құқығының теориялық негіздерін қажетті деңгейде игерген, қызметтік дайындықта жоғары көрсеткіштерге ие. Алайда терең тәжірибелік білімдер жоғарыда айтылған сараптамалардың түрлерінің екі-үшеуімен ғана шектеледі. Сонымен қатар, криминалистік сараптамаларды жүзеге асыру барысында жаратылыстану және техникалық ғылымдардың әдістерін игеруге де төмен. Криминалистік суретке түсіру, салыстырмалы микроскоптармен жұмыс істеу әдістерін игерген олардың көпшілігіне сот-сараптама мекемелерінде қазірде орналасқан құрылғылармен жұмыс жасау қиындықтар туғызады.<sup>4</sup>

Басқа мамандықтар бойынша сот сарапшыларын дайындауда кері жағдай байқалады. Жоғары оқу орындар соттық сарапшы-химиктерді, сарапшы-биологтарды, сарапшы-экономистерді және т.б. дайындамайды. Маман-физик, маман-химик, маман-экономист және т.б. сот-сараптама мекемелеріне гуманитарлық және техникалық жоғарғы оқу орындарының түлектері арасынан қызметке алынады. Бұл аталған санаттағылар криминалистиканың, қылмыстық құқықтың, сот сараптамасы теориясының қарапайым негіздерін

© Қ. Қ. Сейтенов, 2014

<sup>1</sup>Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» 2010 жылғы 20 қаңтардағы № 240-ІV Заңы.

<sup>2</sup>«Ресей Федерациясындағы сот-сараптамасы қызметі туралы» 2001 жылғы 31 мамырдағы № 73-ФЗ (2001 жылғы 30 желтоқсандағы, 2007 жылғы 24 шілдедегі, 2009 жылғы 28 маусымдағы, 2011 жылғы 6 желтоқсандағы толықтырулар енгізілген) Федералды Заңы.

<sup>3</sup>Энциклопедия судебной экспертизы / Под ред. Т.В. Аверьяновой, Е.Р. Россинской. М.: Юрист, 1999.

<sup>4</sup>Аминев Ф.Г. Қылмыстылыққа қарсылық білдірудің қазіргі таңдағы мәселелері: 2003 жылғы 16-17 қазандағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. 1 Бөлім. Уфа.: РИО БашГУ, 2003.



ҚазГЗУ Президенті М. С. Нәрікбаевтың ҚазГЗУ Сот сарапшыларының біліктілігін арттыру орталығының ашылу салтанатында сөйлеген сөзі. Астана қ., 2012 ж. 7 маусым

білмейді. Осыған сәйкес, тәжірибелік сараптама қызметіне қажетті білімдер мен біліктіліктер белгілі бір уақыт өткен соң (бірнеше жылдарға дейін) пайда болады және де бұл жағдай жүзеге асырылатын сараптамалардың сапасына әсерін тигізеді.

Жоғарыда аталған Ресей ИО Волгоград академиясы және Мәскеу университеттерінің біліктілікті көтеру факультетінде дәстүрлі криминалистік сараптама саласында сарапшыларды дайындау тәжірибесі өзін жақсы жағынан көрсете білді. 30-45 күн ішінде біліктілік емтиханын тапсыру негізінде зерттеудің белгілі бір түрін жүзеге асыруға құқық беретін оқу курстары өткізіледі. Бұл сараптама-біліктілік комиссияларына міндетті түрде, алдыңғы қатарлы сараптама-криминалистік орталықтардың сарапшыла-



РАСТР бағдарламалық-техникалық кешенінде біліктілікті арттыру курсына тыңдаушылардың бақылау сараптамаларын орындауы

ры қатысады. Біздің ойымызша, сот сарапшыларын дайындаудың мұндай нысаны тиімді болып табылады. Соңғы он жылда сарапшыларды осындай тәсілмен дайындау өсіп келеді. Мысал ретінде, Ресей ИО Волгоград академиясының сараптамалық бағыттары (100 адамнан аз) мен біліктілікті көтеру факультетінің тыңдаушылары (400 адамнан көп) түлектерінің ара қатынасын келтіруге болады. Бұл жерде оқытудың экономикалық жағы да маңызды болып табылады.

Сонымен қатар, Ресейдің түрлі аумақтарының сараптамалық бөлімшелерінің басшыларына жүргізілген сауалнама нәтижесіне сүйенсек, осындай нысанда сарапшыларды дайындау әр түрлі аумақтардағы сараптамалық қызметтің нақты бағыттары бойынша кадрлық саясатты сапалы түрде жүргізуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында соңғы уақытқа дейін жоғарғы білімі бар дәстүрлі криминалистік сараптаманың сот сарапшыларын дайындау ресейлік ИО жоғарғы оқу орындарында жүзеге асырылып келді. Қазіргі таңда сот сараптамасын толығымен ҚР Әділет Министрлігінің құзыретіне өтуіне байланысты мұндай тәжірибе тоқтатылған.

Бүгінде сот сараптамасы саласында мамандарды оқыту ҚР Әділет органдарының сараптамалық орталықтарында қайта дайындау нысанында жүзеге асырылады.

Сот-сараптамалық тәжірибесіне, ҚР Әділет Министрлігінің сараптамалық бөлімдерінің басшыларына жүргізілген сауалнамаға, тәжірибелік сарапшылардың және құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің пікірлеріне талдау жасайтын болсақ, біліктілігін көтеру нысанында сот сарапшыларын жоспарлы түрде оқыту қажеттілігі туындап отыр.

Қазіргі таңда парадоксалды жағдай туындап отыр, яғни құқық қорғау органдарының қызметкерлері қылмыстылықпен күресудің өзекті мәселелері бойынша біліктілігін көтеру мүмкіндігі бар болса, сараптамалық бөлімшелердің мамандарында мұндай мүмкіндіктер жоқ. Сонымен қатар, жаңа ғылыми зерттеу тәсілдерінің пайда болуына, криминалистік техниканың жетілдіруіне, сараптамалық қызметті реттейтін құқықтық базаның өзгеруіне, алдын-ала және сот тергеуін жүргізу барысында сот сараптамасы рөлінің күшеюіне байланы-

сты сарапшылар мен сараптама бөлімшелерінің басшыларының біліктілігін ұдайы көтеріп отыру қажеттілігін туындатады.

Сот сарапшыларын дайындауда «Сот сараптамасы» мамандығы бойынша жоғарғы оқу орындарында қайта дайындау негізгі бағыт болуы тиіс. Мұндай шешім сот сарапшыларын дайындауда шетелдік тәжірибеге, дайындықтың кәсіби жоғарғы деңгейіне және қайта дайындаудың шығынының аз болуына сүйенеді.

Біздің ойымызша сот сарапшыларын дайындаудың ең қолайлы жағдайы Қазақ Гуманитарлық Заң Университетінде орын алған.

2010-2020 жылдар аясындағы құқықтық реформа Тұжырымдамасының негізгі бағыттарының бірі болып табылатын құқық қорғау қызметін реформалау аясында құрылған ҚазГЗУ сот сараптамасы Институты сот сараптамалары мен зерттеулерін жүзеге асыруда алдыңғы қатарлы сараптамалық технологияларды қолдануға мүмкіндік беретін жаңа криминалистік техникамен және бағдарламамен қамтамасыздандырылған.

Институтта оқу процесінің әдістемелік негізі қалыптасқан, сот сараптамасы саласында нормативтік-құқықтық актілердің және арнайы әдебиеттердің электронды базасын құруға байланысты жұмыстар жүргізілуде.

Аудиториялық қор қазіргі таңдағы техникалық құралдармен қамтасыз етілген және топтарда 30 тыңдаушыға дейін сабақ өтуіне мүмкіндік беріледі. Білім беру сот сараптамасы саласындағы жоғарғы білікті мамандармен және ғалымдармен жүзеге асырылады.

ҚазГЗУ сот сараптамасы институты саласында оқудың басқа бағыты гуманитарлық және техникалық білімі бар сот сараптамасы бөлімшелерінің қызметкерлерін оқыту да болуы мүмкін.

ҚазГЗУ ғалымдарымен қоса (теория және тәжірибе мамандары), Қазақстан, Ресей және алыс шетелден мамандарды шақыру арқылы сот сарапшыларына арнайы дайындық өткізуге мүмкін болар еді. Бұл дайындақтарда қылмыстық құқық және іс жүргізудің, криминалистиканың, сот сараптамасы теориясының негіздері,



Қолжазуды соттық сараптау курсы бойынша емтихандарды қабылдау. Астана қ., 2013 ж.

дәлелдемелерді зерттеудің жалпы сараптамалық әдістері және т.б. оқытылады. Мұндай оқыту нәтижесінде біліктілігі жоғары сот сарапшылары дайындалатын болады.

Білікті сарапшыларға деген қажеттілік Әділет Министрлігінің сараптама қызметінде ғана емес, ішкі істер органдары мен басқа да ведомстволық органдарда туындап отыр.

Қылмыстық сот төрелігінің қазіргі таңдағы даму үрдісі мемлекеттік емес сараптама қызметінің кең етек жаюы болып табылады. Алайда,



Институтқа ҚР Білім және ғылым Министрі А. Б. Сәрінжіповтың келуі. Астана қ., 2014 ж.



ҚР Сот сарапшыларының біліктілігін арттыру орталығының тұңғыш түлектері, 2012 ж., сәуір-мамыр.

қылмыстық іс жүргізуде мемлекеттік емес сараптаманың үстіртін нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.

Басқа да өзекті мәселелерге тоқталатын болсақ, бұл мемлекеттік емес сот сарапшыларының біліктілігі қажетті деңгейде болмауы болып табылады. Егер мемлекеттік сот сараптама мекемелерінің қызметкерлері сараптама өндірісіне ведомстволық аттестациялаудан кейін жіберілетін болса, мемлекеттік емес сот сарапшыларына ешқандай талаптар қойылмайды.

Сот сараптамасының жекелеген түрлері бойынша мамандарды дайындау аталған Институтта жүзеге асыруға болады.

Білікті мамандары бар мемлекеттік емес сот сараптама мекемелері сот сараптамалары өндірісі сапасын көтеруге мүмкіндік беретін қосымша фактор болар еді. Тәжірибе көрсеткендей, сот сараптама өндірісін монополизациялау сот сараптама қызметінің дамуына кері әсерін тигізеді, оның түрлерінің азаюына, тереңдігі мен сапасының төмендеуіне алып келеді.

Институттың қазіргі таңдағы криминалистік құрылғылары негізінде Қазақстан мен басқа елдердің әр түрлі ведомстволарының білікті мамандарын тарту арқылы жеке дара сараптамалық зерттеулер жүргізуге мүмкіндік бар. Сонымен қатар Институт аясында сот сараптама қорытындыларына рецензиялау жүргізуге, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен Қазақстан азаматтарына кеңестер беруді жүзеге асыруға болады.

Біздің ойымызша, ҚР Әділет Министрлігінің қолдауы негізінде ҚазГЗУ базасында құрылған сот сараптамасы Институтының қызмет етуі келесі жағдайларға мүмкіндік береді:

- Қазақстан Республикасында сот сарапшыларын дайындау және олардың біліктілігін көтеруде Қазақстанның және басқа елдердің әр түрлі ведомстволардың білікті мамандарын шақыру арқылы ҚазГЗУ сот сараптамасы институтының кадрлық және ғылыми күшін толық пайдалануға;
- қылмыстарды ашу және тергеу мақсатында техника-криминалистік құралдарды және арнайы білімдерді тиімдірек қолдануды қамтамасыз етуге;
- қылмыстық азаматтық және әкімшілік істер бойынша дәлелдемелер ретінде қолданылатын сот сараптамаларының тағайындау және

бағалау аясында құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялардың біліктілігін көтеруге деген жүйелі түрде талдау жүргізуге;

- жаңа сараптамалық әдістерді унификациялау және қалыптастыруға, сот сараптама қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруге байланысты жұмыстарды жалғастыруға;
- сараптамалық қызметті жүзеге асыруда ведомствоаралық байланысты жақсартуға;
- Еуразиялық экономикалық қауымдастық елдері аумағында трансұлттық қылмыстылықпен күресу үшін Еуразполды құру туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысын ескере отырып, Кеден Одағы елдерінде сараптамалық зерттеулерді жүргізудің құқықтық қамтамасыз етілуін жүйелеуге байланысты ұсыныстарды дайындауға қатысуға мүмкіндік береді.



Аудан прокуроры лауазымының кадрлық резервіне қабылданған прокуратура қызметкерлерімен өткен сабақтар. Астана, 2013 ж., маусым



ҚР ҰҚК және ҚР ІІМ қызметкерлеріне дәрістерді өткізу мәселелері бойынша АҚШ ФТБ құқықтық мәселелері бойынша Атташенің келуі, Астана қ., 2014 ж. маусым

#### Қ. Қ. Сейтенов: О практике подготовки судебных экспертов в Республике Казахстан.

В статье изложены предложения и рекомендации, направленные на повышение эффективности организации подготовки и переподготовки судебных экспертов в целях повышения качества проводимых ими экспертиз и исследований. Рассмотрены вопросы подготовки судебных экспертов в образовательных учреждениях высшего профессионального образования по специальности «Судебная экспертиза», их базовая переподготовка в образовательных учреждениях РК и стажировка по специальной программе сотрудников органов судебной экспертизы.

*Ключевые слова:* судебная экспертиза, эксперт, практика, повышение квалификации, подготовка, переподготовка, институт, судебно-экспертная деятельность, квалификация, курсы.

#### K. Seytenov: On the practice of forensic training in the Republic of Kazakhstan.

The article contains proposals and recommendations aimed at improving the efficiency of training and retraining of forensic experts in order to improve the quality of their examinations and investigations. The issues of training of forensic experts in educational institutions of higher education on a specialty "Forensics" are studied, their basic retraining in educational institutions of Kazakhstan and the traineeship program for officers of forensics.

*Keywords:* forensic examination, expert, practice, training, retraining, Institute, forensic activities, qualifications, courses.